

БАСПАСӨЗ АҢДАТПАСЫ

27 маусым 2017 ж.

Еуроодақ пен Қазақстан арасында сауда және кәсіпкерлік ынтымақтастығы бойынша семинар

Құрметті БАҚ өкілдері!

29 маусым 2017 ж. Алматыда "Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық келісімінің іске асырылуы: Қазақстан мен Еуроодақтың сауда және кәсіпкерлік салаларындағы мәселелері мен мүмкіндіктері" атты екінші семинар өтеді.

Іс-шара "Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық келісімінің (КӘЫК) сауда және кәсіпкерлік туралы баптары, сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға мүшелігі бойынша хабардарлықты арттыруды іске асыру" Еуроодақ қаржыландырған жоба аясында ұйымдастырылуда.

Семинар барысында қатысушыларға Келісімде қамтылған салалар бойынша соңғы заңнамалық және тәжірибелік бастамалар, олардың сауданы жеңілдету мақсаты, сондай-ақ Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігі және ДСҰ-ға кіру кезінде қабылданған міндеттемелері, Еуроодақ пен Қазақстан бизнесінің пайдаларына шоғырландырылған Келісімнің тиімді іске асырылуы туралы ақпарат беріледі.

Семинар жұмысына Еуроодақтың сауда бойынша Бас Директорат өкілдері, Қазақстанның мемлекеттік лауазымды тұлғалары мен еуропалық және қазақстандық бизнес, сондай-ақ дипломатиялық корпус өкілдері қатысады.

Редактордың назарына:

Күні мен уақыты: 29 маусым 2017 ж. 09.30 - 16.00 сағ.

Өтетін орны: Алматы қаласы, Intercontinental Almaty қонақ үйі (Желтоқсан көш. 181), «Абылай Хан» залы

БАҚ аккредитациясы бойынша:

Қазақстандағы ЕО Өкілдігінің Баспасөз хатшысы Эльнара Байназарова - тел: + 7 701 9400086, e-mail: elnara.bainazarova@eeas.europa.eu

Анықтама

Астанада Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге 2015 жылы 21 желтоқсанда қол қойылды және 2016 жылғы 1 мамырдан бастап уақытша орындалуы енгізілді. Келісім ДСҰ-дың іргелі ережелері мен қағидаттарын қолдануды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесімен Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы екіжақты сауда ынтымақтастығын нығайтады. Бұл қызметтер көрсету саудасы, компаниялар құру және олардың жұмыс істеуі, капитал қозғалысы, сатып алу және зияткерлік меншік құқығы сияқты салалардағы экономикалық операторлар үшін реттеуіш ортаны неғұрлым тиімді қамтамасыз етеді. Соңғы он жыл ішінде Еуроодақ Қазақстанның сыртқы сауда айналымында 40% үлесімен бірінші сауда әріптесі және тікелей шетелдік инвестициялардың жартысынан астамы өзіне тиесілі бірінші шетелдік инвестор. Екіжақты сауда көлемі 31 млрд. еуро құрайды.



#EU60



euinkz



euinkazakhstan



euinkazakhstan